

**Құрамында сирек, сирек ұшырасатын және шашыранды химиялық элементтер, олардың қосылыстары бар және мемлекеттік резервте сақтаулы өнімді халық шаруашылығының мүддесі үшін пайдалану туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 тамыз 1993 ж. N 674. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Құрамында сирек, сирек ұшырасатын және шашыранды химиялық элементтер, олардың қосылыстары бар және мемлекеттік резервте сақтаулы өнімді халық шаруашылығының мүддесіне тиімді пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік резервте сақтаулы өнімнің химиялық құрамы туралы мәліметтерден қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес құпиялылық белгісі алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті:

мамандандырылған сыртқы сауда ұйымдарымен және кәсіпорындармен бірлесіп шетел фирмалары мен тұтынушылардан сатып алуға тапсырыстар түсіп жатқан осы өнімді экспорттауға әзірлік жұмысын және оны еркін айналымдағы валютаға экспортқа шығару ісін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп аталған өнімді экспортқа әзірлеуге және жөнелтуге байланысты шығындарды өтеу жолдары туралы ережені талдап жасап, бекітсін.

*ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. P 9 6 1 0 3 1 \_*

3. Аталған өнімнің экспортынан түсетін валюта түсімі Республикалық валюта қорына жіберіледі деп белгіленсін.

( 4 - т а р м а қ ) < \* >

Ескерту. 4 тармағының күші жойылған - ҚРМК-нің 1994.11.02. N 1219 қаулысымен.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 5 тамыздағы

**Мемлекеттік резервте сақтаулы химиялық құрамы туралы  
мәліметтерден құпиялық белгісі алынатын өнімнің  
Тізбесі**

Церий	қос	тотығы
Торий	қос	тотығы
Самарий		тотығы
Лантан		тотығы
Европий		тотығы
Празеодим		тотығы
Ниобий	бес	тотығы
Неодим		тотығы
Гадолиний		тотығы
Скандий		тотығы
Штабиктегі		ниобий
Құйма		ниобий
Аммоний	қышқылды	рений
		Таллий
		Индий
		Теллур
Галлий	(металл түрінде)	
		Тантал
Бериллий	(металл түрінде)	
Вольфрам		концентраты
Молибден		концентраты
Цезий		концентраты
Бериллий		концентраты
Тантал		концентраты